

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бейімбет Майлин

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.07.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/158847/>

Бейімбет Майлин – нар қасиеттерге ие, табиғи, толағай талант. Мұхтар Әуезовпен қатар тұрған ұлы құбылыс, жұмбақ та жайсаң суреткер. Мәселен, қарымды қаламгер шығармаларындағы табиғат суреттеріне мән беріп қарасаңыз, онда көбіне-көп табиғат көрінісін ғана бедерлемей, басқа да мән-мағына тұспал-астар алып, көркемдік қуатты күшейтіп жіберетін сәттері жиі. Бірнеше мысал келтірсек, «Шұғаның белгісі» бастауындағы табиғат көрінісі қыркүйек айының жеткендігін хабарласа, «Сексен сомның» бастауындағы табиғат көрінісі Егеубай үйінің басына түскелі тұрған нәубеттің «шүйіншісіндей». Ал, «Аштық құрбаны» әңгімесі: «Боран. Қар бораны. Қар бораны емес-ау, қан бораны!... Желі ұйытқып соққанда, тұншықтықтырып дем алғызбайды, қары майда жабысқақ емес, тікенектей қатты», — деп басталса, оның тікелей тағдыр-қыс, аштық боран екені белгілі. Керісінше, «Күлпашта» әңгіме басындағы суық ызғырық әңгіме аяғында ерте көктемдегі, наурыздағы кенет түскен шуаққа ұласады: «Жетіге созылған боран бүгін ғана ашылып, жылы шуақ күннің көзі ықтасындағы қардың бетін жылтыратып, терлетіп жатыр. Жерде де бұрынғыдай ызғар жоқ».

Қорыта келе, жазушының қайсыбір шығармасын алып қарасақ та, олар – мазмұны жағынан аса маңызды, әрі қажетті ғана емес, тұтасымен жаңалық, әрі көркем жаңалық. Ал, өз кезегінде тың болған шығарма қашан да жақсылығынан, қайталанбас жаңалығынан жаңылыспайды. Сондықтан да Бейімбет Майлиннің шығармалары бүгінгі күні қоғамға аса қажет.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.